

Көшелерді қайта атау туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы Шұбарқұдық ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 198 шешімі. Ақтөбе облысының Темір аудандық Әділет басқармасында 2008 жылдың 30 маусымда N 3-10-76 тіркелді

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде және мәтінінде "кент", "кенттік", "кентінің", "кентіне" сөздері "ауыл", "ауылдық", "ауылының", "ауылына" сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Шұбарқұдық ауылдық округінің әкімінің 22.02.2017 № 28 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік– аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармақшасына сәйкес Шұбарқұдық ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысы Темір ауданы Шұбарқұдық ауылдық округінің әкімінің 22.02.2017 № 28 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Шұбарқұдық ауылдық округі халқының пікірін ескере отырып, Шұбарқұдық ауылының кейбір көшелері қайта аталсын:

1) "**Бақшалы тұйық**" көшесі мұнай салалсына көп жылдар еңбегі сіңген, Лениндік сыйлығының лауреаты, мұнай өнеркәсібінің үздігі **Нарен Имашевтің** есімімен;

2) "**Базар**" көшесі Шұбарқұдық ауылына көп жылдар бойы еңбегі сіңген, соғыс және еңбек ардагері **Ізтлеу Балмұханбеков** есімімен.

2. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шұбарқұдық ауылдық округі Әкімі:

Н.Қалауов